

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 қарашадағы N 150п қаулысы

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына мынадай толықтырулар мен өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 339-қосымшада:

"бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген б-
т а р м а қ т а :

5 - б а ғ а н д а :

"фильмдерді" деген сөзден кейін ", бейне-роликтерді, телебағдарламалар мен мультфильмдерді жасай және" деген сөздермен толықтырылсын;

"медициналық жабдықтармен" деген сөздерден кейін ", 32 бірлік санында бейнеаппаратурамен (теледидарлар - 16 дана, бейнемагнитофондар - 16 дана)" деген сөздермен толықтырылсын;

"техникалық тапсырманы және бағдарламалық қамтамсыз етуді әзірлеу" деген сөздерден кейін ", деректерді бұдан кейін абоненттік төлеммен берудің ведомстволық желісін ұйымдастыру, компьютерлік жабдыққа құрамдас бөліктерді сатып алу" деген сөздермен толықтырылсын;

"1500" деген сандар "2836" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі